



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ **ДАЙДЖЕСТІ**

«2025 жылдың 4 тоқсанындағы жетістіктері мен басты оқиғалары»

Baitursynuly University-де AI Week бағдарламасы аясында «Танымал AI құралдарымен және фреймворктармен жұмыс істеу» тақырыбында интерактивті дәріс өтті.

Аға оқытушы Бақтияр Жарлықасовтың мақсаты – студенттерді жасанды интеллекттің экосистемімен, AI-пайплайндармен, мультимодальды генерациямен таныстыру, тіпті шәкірттерімен RAG-боттың прототипін жасап көрмекші.



[Подробнее](#)



Baitursynuly University-дің Smart-орталығында AI SOLUTIONS хакатонының қорытындылары жарияланды!

AI SOLUTIONS – студенттерге қиялын ұштап, жасанды интеллект саласында тәжірибе жинауға жол ашатын байқау.

12 команда апталап жасалатын жобаны бар болғаны бір тәуліктің ішінде іске асырып, дайын боттар үлгісін көрсетті.


[Подробнее](#)

Бұл – әлемдік деңгейдегі көшбасшылар, инвесторлар мен жаңашыл компаниялар жыл сайын бас қосатын форум.


Мұнда цифрлық трансформация мен жасанды интеллекттің болашағы талқыланады.

Форумның басты мақсаты – Қазақстанды Еуропа мен Азияны жалғайтын цифрлық көпір ретінде көрсету.

Форумға Baitursynuly University атынан академиялық мәселелер жөніндегі проректор Эльмира Наурызбаева қатысты.



[Подробнее](#)



ҚӨУ-де University of Minnesota Morris (АҚШ) университетінен келген профессор Питер Долан жұмыс істейді. Ол статистика, деректерді талдау және биоинформатика пәндерінен дәріс оқиды.

Профессор әсем елімізді аралап, орыс тілін практикалық тұрғыда қолданды көздейтінін, сондай-ақ студенттер үшін екі университет арасында көпір қызметін атқаруды басты мақсат етіп келгенін айтты.

[Подробнее](#)



Baitursynuly University ауыл шаруашылығы ғылымдары факультетінде бүгін жаңа кабинет ашылды.

Енді ҚӨУ-дің төртінші корпусындағы 308-кабинет ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Досқали Наймановтың есімімен аталатын болады.

Ашылу рәсімі ҚӨУ азық-түлік қауіпсіздігі және биотехнология кафедрасының құрметті оқытушысы, ғалымы әрі ұстазы, 85 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University-де «Мал шаруашылығы ауыл шаруашылығы саласының тұрақтылығының драйвері ретінде» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Іс-шара көрнекті ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Досқали Наймановтың 85 жылдық мерейтойына арналды. Ол ғылымға адал жанның үлгісі.

Конференцияның басты мақсаты – еліміздің аграрлық ғылымының дамуына зор үлес қосқан ғалымның еңбегін және оның өмір жолын жас ұрпаққа дәріптеу.

[Подробнее](#)



Baitursynuly University студенттері «Eurasian Climate Talks» атты экологиялық форумға қатысты.

Іс-шара Toraighyrov University (Павлодар) базасында жазғы мектеп форматында өтті. ҚӨУ атынан «Экология» бағытының студенттері – Карина Доценко, Валерия Спивак және Аружан Байдильдинова қатысты.

Жазғы мектеп кезінде студенттер экология мен тұрақты даму бағытында еңбек етіп жүрген отандық және шетелдік жетекші мамандардың дәрістерін тыңдады. Онда жаһандық экологиялық түйткілдер, қалдықтарды кәдеге жаратудың заманауи жолдары мен энергияны үнемдейтін технологиялар туралы кеңінен сөз болды.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University магистранты Жанерке Қулахметова қазір Қытайда білімін жалғастырып жүр.

Ол қос диплом бағдарламасы бойынша Солтүстік-Батыс ауыл және орман шаруашылығы университетінде (NWAU) «Агрономия» мамандығын меңгеруде.

[Подробнее](#)



ҚӨУ-де «Қазіргі журналистика мен PR-дың өзекті мәселелері: тәжірибе, мұра және өңірлік медианың жаңа көкжиектері» атты VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Шара университеттің профессоры, социология ғылымдарының докторы Сергей Харченконың 80 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды.

Ол өңірлік БАҚ-тың дамуына үлес қосып, көп жыл бойы «Қостанай жаңалықтары» газетінің бас редакторы болды.

[Подробнее](#)



Baitursynuly University-дің педагогтары Камерино университетінің (Италия) өкілдерімен онлайн-кездесу өткізді.

Ауыл шаруашылығы ғылымдары факультетінің ветеринариялық медицина, ветеринариялық санитария мен азық-түлік қауіпсіздігі және биотехнология кафедраларының оқытушылары ҚӨУ-дің Интернационалдандыру және академиялық ұтқырлық басқармасымен бірге шетелдік әріптестермен маңызды мәселелерді жан-жақты талқылады.

Кездесу барысында халықаралық ынтымақтастықты нығайту, бірлескен ғылыми жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ магистранттар, докторанттар мен оқытушылардың Erasmus+ академиялық ұтқырлық бағдарламасы талқыланды.

[Подробнее](#)

Бүгін Baitursynuly University Smart-орталығында QOSTANAI AI-Sana AGROTECH HACKATHON 2025 финалдық Demo Day өтті.

Ұйымдастырушылар – ҚӨУ мен Qostanai Hub. Бұл – студенттерге арналған республикалық хакатон. Мұнда идеялар мен технологиялар арқылы агросектордағы нақты мәселелер шешіледі. Іс-шара Қостанай облысының стартаптар көрмесімен басталып, жобалар қорғалды. Финалистер үшін қызықты викторина ұйымдастырылып, еңбектеріне лайықты сыйлықтар берілді.



[Подробнее](#)



Қостанай қаласындағы шахматтан балалар-жасөспірімдер спорт мектебі нағыз зияткерлік шайқас алаңына айналды.

Мұнда Baitursynuly University ректоры кубогының финалдық кезеңі өтті. Турнирдің басты мақсаты – жастарды шабыттандыру және ақыл-ой спорты түрлерін кеңінен насихаттау.

[Подробнее](#)


Baitursynuly University-де «Егемендік күні – елдің басты мерекесі ретінде» атты дөңгелек үстел өтті

Мерекенің ұйымдастырушылары – жастар саясаты жөніндегі басқарма және ҚӨУ «Жастар Рухы» студенттік клубы.

Дөңгелек үстелдің мақсаты – студенттерге мерекенің тарихи мәнін тереңірек түсіндіру, патриотизм тақырыбын талқылау, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жолы мен оның қазіргі әлемдегі рөлін ой елегінен өткізу.



[Подробнее](#)



Baitursynuly University командасы еліміздегі ең ірі офлайн-хакатон – Decentrathon 4.0 байқауында үздік нәтиже көрсетті.

20 қала, 2000 команда, 4825 адам қатысып, \$20 000 + 16 млн теңге көлеміндегі жүлде қоры болды.

Decentrathon 4.0 серіктестері inDrive, Банк ЦентрКредит және bcc hub компаниялары қатысушыларға ЖИ-ға қатысты нақты тапсырмалар берді.

[Подробнее](#)



ҚӨУ студенті халықаралық орнитологиялық лагерь жұмысына қатысты.

Биология білім беру бағдарламасының 3-курс студенті Даниил Христинский қазан айында «Hyrgasia One» мегажобасы аясында өткен күзгі «Mangystau Bird Camp» далалық лагерьінде жұмыс істеді.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University қабырғасында Allur Жоғары инженерлік мектебінің инновациялық олаңының ашылуы өтті.

Бұл жоба өңірдің жетекші кәсіпорындарының бірі – Allur зауытымен бірлесе жүзеге асты.

Басты мақсат – елдің автокөлік өнеркәсібі мен инновациясын ілгерілететін жаңа буын инженерлерін тәрбиелеу



[Подробнее](#)



Республика күніне орай Ақорда резиденциясында салтанатты марапаттау рәсімі өтті. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел мен қоғамның дамуына, ұлттық құндылықтардың нығаюына елеулі үлес қосқан азаматтарды марапаттады.

Олардың қатарында Baitursynuly University өкілдері де бар.

Еңбек сіңірген журналист, ҚӨУ «Журналистика және коммуникациялық менеджмент» кафедрасының профессоры Сергей ХАРЧЕНКО ел басшысының қолынан «Барыс» орденінің I дәрежесін алды.

Халық ақыны, ҚӨУ «Өнер» шығармашылық үйінің жетекшісі Әсия Беркенова «Барыс» орденінің II дәрежесімен марапатталды.

[Подробнее](#)

Jastar Sarai-ында Республика күніне арналған салтанатты жиын мен мерекелік концерт өтті.

Шара барысында Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов өңірдің түрлі салаларының дамуына үлес қосқан азаматтарға мемлекеттік марапаттарды табыстады. Марапатқа ие болған азаматтардың бірі – Baitursynuly University ректоры Сейтбек Қуанышбаев.



[Подробнее](#)



Республика күніне орай Ұлттық ұланның Бас қолбасшысы, генерал-майор Аңсаған Балтабековтың бұйрығымен Baitursynuly University педагогы Акжан АЛТЫБАЕВА «Қоғамдық тәртіпті сақтағаны үшін» төсбелгісімен марапатталды.

Акжан Бахитжановна – Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қостанай облыстық Аналар кеңесі төрағасының орынбасары. Өңірімізден мұндай марапат алған жалғыз жан.

[Подробнее](#)



Baitursynuly University ұжымы Республика күнін көптеген құрметті де үлкен марапаттармен қарсы алуда.

Сүйіншілер қоржынын Татьяна СМАГЛИЙ мемлекеттік марапатымен толықтырды. Ол ҚӨУ Ө.Сұлтанғазин атындағы Педагогикалық институтының педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының профессоры. Әріптесімізге «Құрмет» орденін ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек табыстады.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University студенттері Қазақстанның Бас мүфтиі Наурызбай Утпиновпен кездесті. Кездесу «Жастар – ізгілік жаршысы» деген ұранмен өтті.

Наурызбай қажы Тағанұлы – Қазақстанның белгілі діни қайраткері, 2020 жылдың 7 ақпанынан бері елдің 5-ші Бас мүфтиі қызметін атқарып келеді. Сонымен қатар, жастарды рухани тәрбиелеу мен білім беруге белсене үлес қосуда.

ҚӨУ-ге келудегі басты мақсаты – жастарға шабыт беру, өмір мен рухани даму жолында дұрыс бағыт-бағдар көрсету.

[Подробнее](#)



Baitursynuly University-дің Ө. Сұлтанғазин атындағы Педагогикалық институтында Ахмет Байтұрсынұлының тағылымға толы жолдары жаңғырды.

Мұнда Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына және Қазақстан халқының тілдер күніне арналған «Ұлттық диктант» республикалық жобасы өтті.

Диктантқа мәтін ретінде Ахаңның 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрген «Оқу жайы» мақаласы таңдалды. Көлемі – 123 сөз.

[Подробнее](#)

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ студенттері «Құқық және тәртіп» тақырыбында құқықтық диктант жазуға қатысты.

Шараның мақсаты – құқықтық сауаттылық деңгейін тексеру және оны арттыру.

[Подробнее](#)



Осы апта Астанада «Қазақстан – академиялық білім беру аумағы» стратегиялық серіктестердің халықаралық форумы өтуде.

Бұл алаңда әлемдік және қазақстандық жоғары оқу орындарының басшылары жоғары білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылап жатыр.

Baitursynuly University басшылығы ректор Қуанышбаев Сейтбектің жетекшілігімен форум жұмысына қатысуда.

[Подробнее](#)





Baitursynuly University-дің Педагогикалық институтында жаратылыстану пәндері кафедрасының профессоры Юрий Пережогиннің ғылыми монографиясының тұсаукесері өтті.

«Сосудистые растения Костанайской области» деп аталатын бұл еңбек – биология ғылымдарының кандидатының ұзақ жылдық зерттеулерінің нәтижесі.

[Подробнее](#)

Конькимен жүгірудің Қазақстан кубогының екінші кезеңінде Baitursynuly University атынан студентіміз Дмитрий Осипенко бақ сынады.

Жарыс 29-31 қазан күндері Астанадағы «Алау» мұз айдынында өтті. Бұл жарыс – маусымның шешуші кезеңдерінің бірі. Мұнда әлем кубогына жолдама алатын ұлттық құраманың үздіктері іріктеледі.

Дмитрий – ҚӨУ педагогикалық институтының дене шынықтыру және спорт теориясы мен практикасы кафедрасының 2-курс студенті. Спортшымыз тамаша нәтижелер көрсетті.



[Подробнее](#)



Baitursynuly University студенттері Qostanai AI-Sana Industry Hackathon: Allur Challenge хакатонында жүлде қоры 500 000 тг болатын 1-ші орынды жеңіп алды!

Бұл хакатон – бизнеске қажет мәселелерді ЖИ көмегімен шешетін алаң.

[Подробнее](#)

ҚӨУ-де маңызды әлеуметтік тақырыпта семинар өтті.

Инклюзивті тәсіл: есепте тұрған жасөспірімдермен жұмысты қалай жүйелеуге болады? Осы сауалға жауап іздеуді Қостанай ауданы мектептерінің психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің мамандары мен Қостанай қаласының ювеналдық полиция инспекторлары бірлесе қолға алды.

Біліктілікті арттыру семинарын Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығының жетекшісі Татьяна Зуева жүргізді.



[Подробнее](#)



Baitursynuly University мектеп оқушыларына арналған ауқымды бастаманы іске қосты. Бұл – «USTAZ START» кіші педагогикалық академиясының ресми ашылуы!

Тұсаукесер Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтта өтті.

Бұл қарапайым үйірме емес. Бұл – мектеп оқушылары мұғалім болудың алғашқы қадамдарын жасайтын, өз қабілетін сынайтын, сенімділігін арттырып, кәсіби дағдыларды игеретін платформа.

[Подробнее](#)



ҚӨУ-де әлеуметтік серіктестік пен инклюзияның маңызды принциптері талқыланды.

«Теңсіздікті қысқарту» ТДМ 10 (Тұрақты даму мақсаттары – әлем бойынша қабылданған мақсаттар) барлық адамдардың тең құқығы мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған.

Инклюзия принциптері қоғамдағы барлық адамдарға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасының білім беру мен басқа салалардағы клиентке бағытталған мемлекеттік саясаттарының негізін құрайды.

[Подробнее](#)

ҚӨУ педагогикалық институтында облыстық білім басқармасымен бірлесіп «Teacher – IT» аймақтық байқауы өтті.

Мақсат – педагогтардың ақпараттық технологиялар саласындағы кәсіби деңгейін арттыру, олардың цифрлық құзыреттіліктерін дамыту, заманауи оқыту әдістерін енгізу, сондай-ақ білім беру процесінде IT технологияларын тиімді қолдана білетін бастамашыл әрі шығармашыл мұғалімдерді анықтап, қолдау.



[Подробнее](#)



Baitursynuly University Smart-орталығында «PROF-START: Болашақ шеберлер қолында» атты аймақтық форум өтті. Бұл – жастарды, жұмыс берушілерді, сарапшылар мен билік өкілдерін біріктірген жарқын шара болды.

Басты мақсат – жастар арасында жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру, заманауи өндірістегі цифрлық технологиялардың маңызын көрсету және білім мен бизнестің өзара байланысын нығайту арқылы жаңа цифрлық ұрпақ кадрларын даярлауға серпін беру.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University студенті Түркияда өткен халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясына қатысты.

Конференцияның тақырыбы – «Білім берудегі заманауи технологиялар: инновациялар, әзірлемелер, тәжірибе алмасу – 2». Іс-шараны «USDİK USTAZ» ғылыми-зерттеу орталығы ұйымдастырды.



[Подробнее](#)



Бангкокте (Таиланд) ересектер арасындағы джиу-джитсудан әлем чемпионаты аяқталды. Қазақстан құрамасы жоғары деңгейде өнер көрсетіп, 11 алтын, 16 күміс және 13 қола медальді жеңіп алды!

Жеңімпаздар құрамында ҚӨУ студенті де бар!!!
Мақсат Төленді – ҚӨУ педагогикалық институтының дене шынықтыру және спорт теориясы мен практикасы кафедрасының 4-курс студенті.

[Подробнее](#)



Baitursynuly University-де ректор Сейтбек Қуанышбаевтің қала тұрғындарымен дәстүрлі есептік кездесуі өтті.

Негізгі тақырып – өткен оқу жылының қорытындылары мен 2025–2026 жылға арналған университеттің жоспарлары.

[Подробнее](#)

Лутраки қаласы (Греция) бірнеше күнге нағыз әлемдік АММА жекпе-жек аренасына айналды.

Мұнда 20 елден 100-ден астам спортшы жиналып, әлемнің ең мықтысы атану үшін сынаққа түсті.

Жауап, әрине, анық. ҚӨУ студенті әлемдік деңгейде үздіктердің қатарына енді!



[Подробнее](#)



Демалыс күндері ҚӨУ-дың Smart-орталығында өткен КОРЕЙ МӘДЕНИЕТІ фестиваліне жүздеген көрермен жиналды.

Шараны Baitursynuly University-дағы Сечжон Король атындағы институт ұйымдастырды. Бұл институтта кез келген адам корей тілін тегін үйреніп, олардың мәдениеті мен дәстүрлерімен таныса алады. Институт ҚӨУ серіктесі – Dong-Eui университетімен (Оңтүстік Корея) бірлесіп ашылған.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University студенті гір көтеру спорты бойынша әлем чемпионатында қола медаль иеленді.

Гір көтеру спорты бойынша 2025 жылғы басты халықаралық дода 13-18 қараша аралығында Қытайдың Хайнин қаласында өтті.



[Подробнее](#)



ҚӨУ ауыл шаруашылығы ғылымдары факультетінде «Қазақстанда ветеринария ғылымын дамытудағы жастардың үлесі» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция өтті.

Бұл шара ветеринария ғылымдарының докторы, профессор Валентин Пионтковскийдің құрметіне арналды.

[Подробнее](#)



ҚӨУ Ректоры Сейтбек Қуанышбаев университеттің студенттік парламент және белсенді студенттерімен кездесті.

Ректор: «Батыл сөйлеп, кез-келген сұрақтарыңызды қойыңыздар!», деді сөз басында.

Шынымен де, шара “кел, ойыңды ортаға сал, 2026 жылға жоспарыңмен бөліс” дейтін еркін форматта өтті. Бірден шешім табылмаса да, барлық сұрақтар мен ұсыныстар міндетті түрде қаралды.

[Подробнее](#)

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-нің Инклюзивті білім беру және психологиялық қолдау орталығы практик-педагогтарға инклюзивті білім беруді ілгерілету және ғылыми-әдістемелік көмек көрсету жөніндегі Ресурстық орталық ретінде жұмыс істей бастайды.

Жұмыс оқу ордамыздың Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының «Педагогика, психология және арнайы білім беру» кафедрасымен бірлесіп, студенттерге оқу алаңдары ретінде белсенді түрде қолданылатын зертханаларда жүргізілуде.



[Подробнее](#)



Бүгін Baitursynuly University-де «Сұлтанғазин оқулары» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы өтті.

Академик Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтында Қазақстан мен шетелдерден келген ғалымдар, оқытушылар және жас зерттеушілер бас қосты.

Конференцияның тақырыбы – «Заманауи білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар».

[Подробнее](#)

ҚР жоғары оқу орындары арасындағы чемпионатта ҚӨУ Педагогикалық институтының «дене шынықтыру және спорт теориясы мен практикасы» кафедрасының студенті тамаша өнер көрсетіп, садақ ату бойынша бірінші орынды жеңіп алды!



[Подробнее](#)



Baitursynuly University делегациясы ректор Сейтбек Қуанышбаевтың жетекшілігімен QS Eurasia Forum шарасына қатысуда.

Апта басында басталған бұл ауқымды форум Өзбекстан астанасы – Ташкент қаласында өтіп жатыр.

Central Asian University алаңына академиялық орта өкілдері, мемлекеттік құрылымдар мен индустриялық серіктестерден құралған 300-ден астам қатысушы жиналды.

[Подробнее](#)



Baitursynuly университетінде Logo бағдарламасының өкілдерімен кездесу ұйымдастырылды.

ҚӨУ студенттері мен оқытушылары Hohenheim университетінен (Штутгарт қ., Германия) келген Hartwig Mennen мен Marina Pohl-мен кездесті.

Қонақтар бағдарлама туралы егжей-тегжейлі баяндап, ҚӨУ-дің аграрлық бағыттағы студенттері Германияда жарты жылдық тәжірибеден өте алатынын хабарлады.


[Подробнее](#)

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-нің делегациясы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми-технологиялық сессиясына қатысуда.

Сессия тақырыбы «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кәсіпорындары мен өңірлерінің ғылыми-технологиялық дамуы».



[Подробнее](#)



Baitursynuly University шетелдік мамандар қатарын тағы бір тәжірибелі зерттеуші толықтырды.

Биыл күзде ҚӨУ-ге Литва денсаулық ғылымдары университетінің (Каунас қ.) ірі жануарлар клиникасының доценті, PhD, DVM Зоя Микниене келіп, өз тәжірибесімен бөлісті.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University түлегі Виталий Руднев «Азия–Еуропа» халықаралық форумына қатысып қайтты.

Бұл алқалы жиын Филиппиннің Манила қаласында Азиаттық-Еуропалық қор (ASEF) бастамасымен ұйымдастырылды.



[Подробнее](#)



Қараша айының соңында Түркияда (Токат қаласында) Tokat Gaziosmanpaşa University-де Түркі әлемі жастарының халықаралық ауылшаруашылық симпозиумы өтті.

Форумның пленарлық отырысына еліміздің атынан ҚӨУ ауылшаруашылығы ғылымдары факультетінің агрономия кафедрасының профессоры Ниязбек Кәлімов қатысты.

[Подробнее](#)



Baitursynuly University-дің экологиялық клубы «EcoLife-KRU» өңірдің белсенді де бастамашыл клубтарының бірі ретінде танылды.

Команда облыстық оқу орындары арасындағы экологиялық идеялар мен жобалар байқауында көш бастап, жеңімпаз атанды.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University-де өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға бес елден келген әр саланың мамандары қатысты.

Конференцияның тақырыбы – «Заманауи сын-қатерлер мен тұрақты дамудың стратегиялары: жаһандық контексттегі экономика, құқық және қоғам».



[Подробнее](#)



«Үздік ерікті - 2025» облыстық байқауында Baitursynuly University-дің үш өкілі өз номинацияларында жеңіске жетті.

Байқаудың мақсаты – ең белсенді еріктілерді, бастамашыл ұйымдар мен жыл бойы үзбей еңбек еткен еріктілерді анықтап, марапаттау.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University-де «Зоотехнияның заманауи мәселелері» атты VIII Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Іс-шара ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Мүслімовтың құрметіне ұйымдастырылды.



[Подробнее](#)



ҚҰ «ӨНЕР» шығармашылық үйі 25 жылдық мерейтойын атап өтті. Мерекелік кеш өнерге, шабытқа және алғысқа толы болды.

2001 жылы халық ақыны Асия Беркенованың бастамасымен шағын шығармашылық студия болып құрылған «Өнер» бүгінде үлкен рухани ортаға айналды

[Подробнее](#)



«Қазақстан – менің Отаным» атты XI Республикалық студенттер конференциясына Ө.Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институтының студенттері қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

[Подробнее](#)

ҚР-ның Тәуелсіздігі күні қарсаңында ҚӨУ-де «Қазақстан мемлекеттілігінің қазіргі кезеңдегі эволюциясы» атты дөңгелек үстел өтті.

Дөңгелек үстел барысында студенттер мен оқытушылар Қазақстанның бүгінгі даму процесі, әлеуметтік-экономикалық оң өзгерістері туралы ой қозғады.

[Подробнее](#)



Baitursynuly University магистранттары аймақтық бизнеске пайдалы экожобалар әзірледі

Аймақтық кәсіпорындармен орнатылған ынтымақтастық аясында Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің геоэколог-магистранттары «ТЕННОPARK.KZ» ЖШС үшін дайындаған жобаларымен таныстырды. Барлық ұсыныстар қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты.

[Подробнее](#)



Литва университетінің профессоры ҚӨУ-де қостанайлық кәсіпкерлерге кеңес береді.

Ұлы Витаутас университетінің (Литва қ.) профессоры, ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі сарапшы Влада Витунске бірнеше жылдан бері ҚӨУ-мен белсенді жұмыс істеп келеді.

[Подробнее](#)



Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ-нің студенттері #SaqbolAlayaq республикалық байқауында жүлделі екінші орынды жеңіп алды.

Байқауды Антифрод-орталығы мен қаржы нарығына қатысушы ұйымдар ЖОО-ның 1-2 курс студенттері арасында кибергигиена мен қаржылық қауіпсіздік деңгейін арттыруға бағытталған білім беру кампаниясының аясында ұйымдастырды.

[Подробнее](#)





Академиялық ұтқырлық аясында ҚӨУ-дің Экономика және құқық факультетінде Докуз Эйлюль университетінің (Түркия) профессоры қызмет етуде.

PhD докторы Рефик Коркусуздың сапарының басты мақсаты – ҚӨУ оқытушыларына арналған «Құқықтану бағытындағы ғылыми зерттеулердің ерекшеліктері» тақырыбында біліктілікті арттыру курстарын өткізу, сондай-ақ магистранттар мен докторанттарға дәріс оқып, ғылыми кеңес беру.

[Подробнее](#)

Baitursynuly University ректоры Сейітбек Қуанышбаев әріптестерін ғылыми жетістіктерімен құттықтады.

ҚӨУ оқытушылары өтіп бара жатқан жылды жоғары ғылыми атақтармен, дәрежелермен аяқтады.



[Подробнее](#)



Жаңа жыл қарсаңында ҚӨУ-дің Король Седжон атындағы институтында мереке.

Қысқы семестрді аяқтаған түлектерге арнайы сертификаттар табысталды. Бұл құжаттар олардың келесі деңгейге өтуге дайын екенін көрсетеді.

ҚӨУ-дегі институт филиалы 2024 жылы Оңтүстік Кореяның Dong-Eui университетімен серіктестік аясында ашылды. Негізгі мақсаты – корей тілін үйрету және корей мәдениетімен таныстыру.

[Подробнее](#)